



СӘТБАЕВ
УНИВЕРСИТЕТІ



SATBAYEV
UNIVERSITY



**Жоғары оқу орындарының ректорларына
Мектеп, лицей, гимназия мен колледж директорларына**

Ақпараттық хат

ҚР Білім және ғылым министрлігі, Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті мен Қ.И.Сәтбаев Халықаралық қоры Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың туғанына 120 жыл толуына орай ғалымның өмірі мен қызметі туралы үздік тарихи-публицистикалық және ғылыми-танымдық шығармаларға «Сәтбаев – біздің замандасымыз» атты Жалпыреспубликалық жастар байқауын жариялайды.

20 жасқа дейінгі мектеп, лицей, гимназия оқушылары мен колледж, жоғары оқу орындарының студенттері Ғылым академиясының тұңғыш президенті және оның ғылыми мұрасы туралы ғылыми жұмыс, эссе жаза алады.

Байқау қатысушыларына келесі тақырыптар ұсынылады:

Қ.И.Сәтбаев және Қазақстан ғылымы; Қ.И.Сәтбаевтың Қазақстанның тау-кен өндірісін құрудағы рөлі; Қ.И.Сәтбаев және Жезқазған; Геолог Қ.И.Сәтбаевтың фашистік Германияны жеңудегі үлесі; Лениндік және КСРО Мемлекеттік сыйлығы – Қ.И.Сәтбаев еңбегіне деген құрмет белгісі; Қ.И.Сәтбаевтың Ертіс-Қарағанды каналы құрылысындағы рөлі; Қ.И.Сәтбаев туралы естелік. Замандастар естелігі. Мен Қ.И.Сәтбаев өмірі туралы не білемін (кез келген кезеңді алуға болады). Қ.И.Сәтбаев – ғалым; Қ.И.Сәтбаев – азамат және патриот; Қ.И.Сәтбаевтың өмірі – жастарға үлгі; Қ.И.Сәтбаев және бүгінгі Қазақстан.

Байқау қатысушысы жоғарыда ұсынылған тақырыптарға сәйкес өз жұмысының атауын береді. Мұражай, көрмелер мен есте қаларлық орындарға барғаннан немесе фильмдерден алған әсерлері жазылған жарияланымдар ескеріледі.

Байқаудың негізгі мақсаты – жастарды ұлы ғалым, тамаша адамның баға жетпес ғылыми және рухани мұрасымен, Қ.И.Сәтбаев бейнесімен таныстыру.

Қатысушылар үшін аталған байқау адамгершіліктің, азаматтық борыш пен патриотизмнің үлгісі іспетес болмақ. Жастар үшін тамаша адамның өмірімен танысу, ғалымның бай мұрасын жүрегімен қабылдап, санасына сіңіру, оның ісін жалғастыру маңызды.

Байқау қорытындысын өткізу кезінде Қ.И.Сәтбаевтың өмірбаяны мен ғылыми қызметін баяндауда автордың шығармашылық қабілеті мен ғалым тұлғасын өзіндік тануы назарға алынады. Қызықты жұмыстар мен үзінділер



СӘТБАЕВ
УНИВЕРСИТЕТІ



SATBAYEV
UNIVERSITY



жарияланады. Байқау жеңімпаздары диплом, грамота, бағалы және ақшалай сыйлықтармен марапатталады.

Байқау тілі: қазақ, орыс және ағылшын тілдері. Автордың аты-жөні, әкесінің аты, туған жылы, оқу орны мен байланыс мәліметтері көрсетілуі тиіс. Материалға сурет (фотосурет/газет, журналдар, кітаптардағы мақалалар көшірмесі) тіркеуге болады.

Жұмыстарды 2019 жылдың 1 сәуіріне дейін берілген электронды поштаға жіберу керек: kisarhiv@mail.ru. Көрсетіңіз: «Сәтбаев – біздің замандасымыз» атты жастар байқауы.

Байқау комиссиясының мекенжайы: 050013, Алматы қ., Сәтбаев көшесі, 22, Мұнай ғимараты, каб. 406. тел.: 8 (727) 2 92 73 02; 8 (727) 2 57 70 55;

Байқау жеңімпаздарын марапаттау 2019 жылдың 12 сәуірінде – Қазақстан Республикасының ғылым күнінде өтеді.

Байқау қорытындысын ұйымдастыру мен өткізу Қ.И.Сәтбаев атындағы ҚазҰЗТУ байқау комиссиясының құрамына жүктелсін:

Төраға:

Сәтбаев Г.А. – Қ.И.Сәтбаев Халықаралық қорының президенті

Байқау комиссиясының мүшелері:

Кішібеков Д.К. – ҚазҰЗТУ-дың Тарихи мұрасы орталығының Бас кеңесшісі;

Ниретина Н.В. – ҚазҰЗТУ-дың Тарихи мұрасы Орталығының бас маманы;

Искаков Р.М. – ҚазҰЗТУ-дың академиялық жұмыстар бойынша проректоры;

Жармағамбетов Н.К. – Қ.И.Сәтбаев Мұражайы директорының орынбасары;

Ракишев Б.Р. – «Тау-кен ісі» кафедрасының профессоры, ҚР ҰҒА академигі;

Сулеев Д.К. – ҚР Сейсмология институтының директоры;

Саренова А.С. – ҚазҰЗТУ-дың әл-Машани атындағы Базалық білім беру институтының директоры;

Жауапты хатшы:

Өмірбеков А.Ә. – ҚазҰЗТУ-дың Тарихи мұрасы орталығының бас маманы.